

Тарихи анықтама

Еңбекшілер депутаттары Шалқар ауылдық Кеңесінің «XVIII партсъезд» колхозының сақтауға тапсырған құжаттары 1939 жылдан басталады.

Олар колхоздың кіріс- шығыс сметасы, жылдық есептер, колхоз басқарма отырыстарының хатамалары, колхозшылардың жалпы жиналысының хатамалары, колхоздың өндірістік жылдық жоспары, колхоздың негізгі қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулар, колхоздың келісім шарттары, тексеру құжаттарының мәліметтері, колхозшылардың еңбеккүн есебінің кітабы, колхозшылар мен есеп айырысу кітабы, колхоз мүшелерімен олардың жанұя есебінің кітабы, колхозшылардың өтінімдері.

«XVIII партсъезд» колхозын 1939-1940 жылдары Жандосов, Ермаков Айтасовтар басқарған. Құжаттар латын тілінде толтырылған.

1941 жылдан 1949 жылдар аралығындағы құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Колхозды 1951-1952 жылдары Маданов Бадайт басқарған.

Колхоз басқару штатында председатель, 4 мал фермасының меңгерушісі, мал дәрігері, есепші болған.

Колхоздың жер көлемі 27106 га құраған, оның 1771 га табиғи шабындықтар, 21258 га мал жайылымдары.

Колхозда 67 үй болған, оларда 212 адам тұрған.

Еңбекке жарамды адам саны 93, олар жыл ішінде 27800 еңбек күн тапқан. Олардың 25-сауыншы, 22-бақташы, 3- бұзаушы, 6-қойшы, 13- жылқышы болған.

Колхозда 1952 жылдың 1 қаңтарына 552 ірі қара, оның аналығы 223, 943 бас қой, оның саулығы-484, 959 бас ешкі, 397 бас жылқы, оның 101- биелер есепте болған.

Колхозда 6- шөп шабатын машина, 3- атқа жегілетін тырнауыш, 49- қол орағы, 5- сеператор, 4-ағаш белдікті арба, 1 –шана, 1- қамыт, 4 таразы болған.

Колхозда 3 атқора, 9 сиыр қора, 4 бұзау қора, 9 қой қора, 2 астық қамбасы болған.

1951 жылы колхоз мемлекетке 690, 93 центнер ет (тірілей салмақпен) 152 147 литр сүт, 11256 кг жүн тапсырған.

Мәдени – ақпарат жұмыстарына 1716 сом қаржы жұмсалған.

Колхоздың негізгі міндеттері:

– Ауыл шаруашылық артелінің жарғысын колхозшылардың жалпы жиналысында беркіту

– Жыл аяғында колхоз мүшелерімен есеп айырысу

– Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, талдау жасау

– Еңбеккүн есептерін нақты жүргізу

– Колхозшылармен ақшалай-заттай есеп айырысу

1952 жылдан кейін «XVIII партсъезд» колхозының құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталатын болсақ:

Ғылыми өндеуге дейін 2 (екі) тізімдеме бойынша 1940-1952 жылдар аралығында 19 (он тоғыз) сақтау бірлігі болған. Тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесінде 1940-1952 жылдардағы 13 (он үш) сақтау бірлігі, жеке құрам жөніндегі істердің №1 ж тізімдемесіне 1950-1952 жылдар 6(алты) с.б; . Барлығы: 19 (он тоғыз) сақтау бірлігі.

2013 жылдың желтоқсан айының 19-23 күндері осы қордың 1940-1952 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми- техникалық өндеу жүргізілді.

ҒТӨ нәтижесінде қордың құрамында мынандай өзгерістер болды: 25 іске мұқаба ауыстырылып, қайта түптеп тігілді, 155 парақ желімделді, 1305 парақ қайта нөмірленді, 25 іс маңызына және мерзіміне қарай жүйеленіп, мұқабалары рәсімделді. 4 бума қалыптастырылды, 4 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Қорда ғылыми-техникалық өндеуден өткізілгеннен кейін тұрақты сақталатын №1 тізімдемесіне 1939-1950 жылдар аралығындағы 19(он тоғыз) с.б, жеке құрам жөніндегі №1«ж» тізімдемесіне 1950-1952 жылдар аралығында 6(алты) с.б. Барлығы екі тізімдеме бойынша 25 (жиырма бес) с.б енгізіліп отыр.

Қорда ғылыми- техникалық өндеуден өткізу кезінде: 6 іс ажыратылып бөлінді.Олар (№1 тұрақты тізімдеме 1,3,6,9,10,12 істер).

Тарихи анықтаманың құрастыру негізінен «XVIII партсъезд» колхозының қорындағы құжаттарынан пайдаланылды. (қор №70 тізімдеме №1,№1 «ж»).

Қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Бұрынғы 1939-1940 жылдардағы тұрақты сақталатын №1 тізімдемелерге енген істер латын тілінде жазылған. Бұрынғы 1950-1952 жылғы тізімдемелерге енген істер ресми тілде жазылған.

1941 жылдан 1949 жылдар аралығындағы құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Өңделгеннен кейін 1950-1952 жылдар аралығындағы жасалған тізімдемелерге енген істер мемлекеттік тілде жазылды.

Жаңартылған тізімдемелерге тарихи анықтама жазылып, ғылыми-техникалық өндеу жүргізудің актісі, қор карточкасы, СК хаттамасы толтырылды.

Жалпақтал филиалының директоры :  **Г.Едекешев**

